



№4(4) 6 қаңтар 2015 жыл, сейсенбі

Колледждегі тәрбие жұмысы

8.12.2014ж
«Фармация» бөлімі 427 топ студенттерімен «Жастар діни экстремизмге қарсы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.



10.12.2014 ж.



Кәмелетке толмағандар арасында студенттерімен бұзушылықтың алдын алу мақсатында І ПБ-нің әйелдерді зорлық – зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы полиция майоры

Колледж психологтарының ұйымдастыруымен «Психологиялық денсаулық» айлығы өткізілді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыруда студенттерді психологиялық денсаулығы мен оның жан – жақты жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ете отырып, жақсы маман тәрбиелеу.



18.12.2014 ж
214 топпен «Жасөспірім және қылмыс» тақырыбына ашық тәрбие сағаты өткізілді.



Топ жетекшісі: Артыкова Л.А.

19.12.2014ж

Қазақ тілі пәнінің оқытушысы А.Ж.Тасыбаеваның ұйымдастыруымен кәсіби-шығармашылық тәрбие бағытында «Тәуелсіздік тірегі – білікті маман» тақырыбында бөлімшілік кездесу кеші өткізілді.

Колледж кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен жаңа жыл қарсаңында оқытушылар мен қызметкерлердің балаларына арнап жаңа жылдық сыйлықтар таратылды.
Төрайымы: Жапаркулова Ф.К.



Жаңа жыл құтты болсын!



24.12.2014ж

№1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің балаларына арналған «Жаңа жылдық шырша» өткізілді. Колледж директоры С.Қ. Қоңырова балалар мен ұжымды келе жатқан жаңа жылмен құттықтады. Әр жанұяға ынтымақ пен береке тіледі.



1 брметті + ріптестер!!!

Жаңа Жыл Сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт, жаңа жетістіктер мен ырыс-береке әкелсін! Кергелеріңіз кеңейіп, шаңырақтарыңыз биіктей түссін! Әрбір жаңа бастамаларыңыз тек қана жеңіс пен сәттілікке үлесе берсін! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын, ауыз біршілігіміз берік болып, жарқын болашаққа деген сенім нық болсын!

Мерекелік ақ тілекпен: әдістемелік кабинет



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы, Жамбыл медициналық колледжі Ниятқалиев к. 20, 2 қабат әдістемелік кабинет.



2015 жыл құтты болсын!



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне –23 жыл



"Құрметті Қазақстандықтар! Еліміздің тұмары, елдігіміздің шынары болған Тәуелсіздік мерекесі баршамызға құтты болсын! Тәуелсіздік-бұл халқымыздың, оның бірегей тарихының, мәдениетінің, мемлекеттік тілінің, басқа тілдерге деген құрметінің ұлы бірлігі болып табылады."

Н.Ә. Назарбаев
Астана, 15.12.2014 ж.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін насихаттауда колледжде өткізілген іс-шаралар:

- 1) 9.12.2014 жыл I курс студенттерінің арасында «Тәуелсіздік-мақтанышым» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді. (Жантохова Г.Н., Иманалиева Г.Ж.)
- 2) 10.12.2014 жылы II курс студенттерінің арасында «Тәуелсіз Қазақстан-достықтың мекені» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Жауапты: Жантохова Г.Н., Данебаева Ә.Қ.
- 3) 10.12.2014ж. «16 желтоқсан Тәуелсіздік-ұлттық өрлеудің ұлы күші» тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге Қайрат Рысқұлбековтың туған әпкесі Гүлнар Рысқұлбекова қатысты. Жауапты: Шалғынбаева Г.О.



- 4) 11.12.2014ж. «Азатпын! Егеменмін! Тәуелсізбін!» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жауапты: Жакипова М.Ж.



- 5) 12.12.2014. «Тәуелсіздікке қалай жеттік?» тақырыбында дебат клубының пікірсайысы өткізілді. Жауапты: Айдабосынова Ж.Н.



Жауапты: №1 Әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы іргелендіру пәндері үйлесімді әдістемелік комиссиясы



Бүгінгі нөмірде:

- ✓ **ҚР Тәуелсіздігіне-23 жыл**
- ✓ **Семинар-тренинг**
- ✓ **Колледжде өткізілген ашық сабақтар**
- ✓ **Біліктілікті көтеру**
- ✓ **Колледждегі тәрбие жұмысы**
- ✓ **Жаңа жылдық құттықтаулар**



Семинар–тренинг

12.12.2014 ж. Жас оқытушылар мектебінің ұйымдастыруымен семинар–тренинг өткізілді.

- 1.Топтағы жетекшілік. Студенттің жас ерекшелігіне байланысты топ мінездемесін құру. Саурбаева Л.
- 2.Оқытушының эмоционалды тұрақтылығы. Сабақтағы байланыс міндеттері. Әдіскер: Батаева Л.К.
3. «Сабақтағы шиеленіскен жағдай және одан шығу жолдары» тақырыбында сөз жарыстыру.
Тәлімгер : Қалымбетова Ж.Б.
4. «Қиын» студенттің психологиясын зерттеу жолдары. Психологтың кеңесі. Тренинг:Шужеева Ж.Л.



Колледжде өткізілген ашық сабақтар

Биология пәнінің оқытушысы Г.К. Уткелбаева «Емдеу ісі» бөлімі 116 топта ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Генетиканың даму тарихы. Г.Мендель, оның еңбектері. Доминанттық, рецессивтік белгілер».



Сабақтың мақсаты: ақпараттық–коммуникативтік технологияны тиімді қолдану. Сабақ мақсатына жетті.

101 топта «Емдеу ісі» бөлімінде информатика пәнінің оқытушысы А.К. Құдайбергенова «Microsoft Excel электрондық кесте туралы жалпы түсінік» тақырыбындағы ашық сабағы жақсы деңгейде өтті. Сабақтың мақсаты: интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Сабақ мақсатына жетті.



23.12.2014ж Биология пәнінің оқытушысы Д.Т. Бекмурзаева «Емдеу ісі» 105 топта «Өзгергіштік және оның түрлері. Модификация және мутациялық өзгергіштіктер» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ



тың мақсаты: өзгергіштік туралы түсінік беру, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

25.12.2014ж 108 топ «Емдеу ісі» бөлімінде алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Ж.Б. Бегалиев «Ручные осколочные гранаты. Назначение, общее устройство и боевые свойства гранат РГД-5, РГ-42, Ф4-1. Меры безопасности при обращении с гранатами» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ мақсатына жетті.



19.12.2014ж



«Емдеу ісі» бөлімі 107 топта биология пәнінің оқытушысы А.Б. Сұлтанаева «Жыныс генетикасы. Жынысты анықтау. Жыныспен тіркес тұқым қуалау. Гендердің өзгеруіне ортаның әсері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ жақсы деңгейде өтті, қабылданды, мақсатына жетті.

29.12.2014ж

«Эврика» үйірмесінің топ жетекшісі Д.Н. Тоқсанбаева «Мир математики» тақырыбында үйірме отырысын өткізді. Үйірмеге әр топтардан студенттер тартылған. Үйірме отырысында Архимед пен Пифагордың өмірі жайлы көріністер көрсетілді.



Біліктілікті көтеру

29.11.-7. 12.2014ж

Колледж директоры С.К. Қоңырова және кадр бөлімінің меңгерушісі Ш.С. Таукебаева Швецариядан марапатпен оралды.



Халықаралық байқаудың қорытындысы мен номинациясы бойынша колледж директоры Қоңырова С.К. «Білім беруде дәстүрді сақтағаны және инновацияға қосқан үлесі үшін» дипломмен марапатталып, Сапа белгісіне ие болды.

14.12.2014ж

Колледж директоры С.К. Қоңырова және кадр бөлімінің меңгерушісі Ш.С. Таукебаева Лондон қаласында өткен «Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру» тақырыбында өткен біліктілікті көтеру курсына қатысып, халықаралық сертификатқа ие болды.



Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің 6 қараша 1994 жылғы №11 бұйрығының негізінде 3 қаңтар 1996 жылдан бастап Жамбыл облысы денсаулық сақтау Департаментінің №3 бұйрығымен Жамбыл медициналық колледжінде орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырып және қайта даярлау жұмысын атқаруда. Орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мемлекеттік бюджет және ақылы негізінде жүргізіледі. 2014 жылда 014 Республикалық бюджетті қаржыландыру бағдарламасы бойынша «ЖИА жіті нысандары кезінде ми инсультіне кезек күттірмейтін оңалту мәселелері» циклінде 30 тындаушы, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының сұранысымен 003 бағдарлама бойынша 1100 медицина қызметкерлері, ақылы негізінде 036 және 010 бағдарламалары бойынша мемлекеттік емес және жеке тұлғалардың сұранысы арқылы 807 медициналық қызметкерлері біліктіліктерін арттырды. Бөлім меңгерушісі: Кабинова Ж.М.



8-12.2014ж

Алматы қаласында Республикалық біліктілік пен дағдыны бағалау орталығында «Шапшаң педиатриядағы симуляциялық курс» тақырыбына семинар-тренинг өтті. Шеберлік-сыныпты педиатриядағы симуляция бойынша (GISP) Халықаралық топтың PhD үйлестірушісі, доктор Лоайса Левано Уго Карлос өткізді. Семинар-тренингке директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Сарыбекова Ж.Н., симуляциялық орталық меңгерушісі Бейсенбаева В.С. қатысып халықаралық сертификатқа ие болды.



8-12.2014ж

Тәжірибе жұмысының меңгерушісі Ж.А. Тоқташева Астана қаласындағы «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығында» «Мейірбикелік істе күтім жасау инновациялары мен әдістері» тақырыбында біліктілігін көтеріп, халықаралық сертификат алды.

